

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2335 Қаулысы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.08.10 № 813 Қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.08.10 № 813 Қаулысымен.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

K. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

31

желтоқсандары

№

2335

қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.08.10 № 813 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 1. Миссиясы және пайымдауы

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) миссиясы - бұл Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қалыптастыру және оны іске асыруды үйлестіру.

Пайымдауы - 2020 жылға қарай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде үштен бірінен жоғары сапалы өсуі.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

2.1. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту

Ескерту. 2.1 кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.17 № 1203 Қаулысымен.

Откен онжылдықта қазақстандық экономиканың жай-куйі көбінесе энергия ресурстары мен минералдық шикізаттың басқа да түрлеріне сыртқы конъюнктурамен айқындалды. 2000 - 2007 жылдары тауарлар экспортты орташа есеппен ЖІӨ-нің 45 %-ын құрады. 2008 жылы мұнай бағасы рекордтық тарихи деңгейге бір баррель үшін 147 АҚШ долларына дейін жеткен кезде экспорт ЖІӨ-ге 53,9 %-ға дейін өсті. Жаһандық экономикалық дағдарыс салдарынан энергия ресурстарының әлемдік бағасының төмендеуі кезінде 2009 жылы экспорт көлемі ЖІӨ-ге 40,3%-ға дейін төмендеді.

2008 жылы басталған әлемдік экономиканың тежелуі, ресурстарды пайдаланудың қысқаруы, Қазақстанның тауар экспорттының негізгі құраушысы болып табылатын мұнай, металл, металл илемдеуге әлемдік бағалардың төмендеуі Қазақстан экономикасының өсу қарқынының баяулауына алып келді. 2008 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің нақты өсімі 2007 жылғы 8,9 %-бен салыстырғанда 3,3 %-ды құрады. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі қысқарып, өнеркәсіптегі, құрылыштағы, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы өсу қарқыны төмендеді.

2009 жылы Қазақстан экономикасының дамуы терең әлемдік экономикалық дағдарысқа бейімделу жағдайында өтті. 2009 жылдың қорытындысы бойынша нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны 1,2 %-ға дейін төмендеді. Экономиканың оң өсімі 2009 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 13,8 %-ға артуымен, мұнай өндіру көлемінің 8,1 %-ға артуымен, сондай-ақ экономика секторларындағы белсененділікпен сұранысты ынталандыру жөніндегі мемлекеттің дағдарысқа қарсы шараларымен қамтамасыз етілді.

Ағымдағы жылдың басынан бастап экономика салаларында оң серпін байқалды, бұл белгілі бір дәрежеде әлемдік экономиканың жандануына негізделді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жедел деректері бойынша 2010 жылғы қантар-маусымда нақты ЖІӨ откен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 8,0 %-ға

ө с т і .

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның жақсаруы негізінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 2010 жылғы қантар-тамызда 10,9 %-ға, оның ішінде тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді дайындауда өсім есебінен - 5,8 %-ға, өндірілген өнеркәсібінде 19,1 %-ға өсу

е с е б і н е н

ұлғайды.

Тауарлар өндіру мен қызмет көрсету көлемінің ұлғаюымен сипатталатын экономика салаларының дамуы жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал етті. Жұмыссыздық деңгейі 2010 жылғы тамызда экономикалық белсененді халық санының 5,7 %-ын құрады, бұл 2009 жылғы мамырға қарағанда 0,6 пайыздық тармаққа төмен.

Сонымен қатар, әлемдік экономиканың қалпына келуі мен әлемдік тауар нарықтарындағы бағалар деңгейінің өсуі аясында отандық экономиканың өсуі ішкі бағалардың артуына ықпал етеді. 2010 жылғы тамызда инфляция деңгейі 2009 жылғы желтоқсанға қарағанда 4,6 %-ды құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен 0,3 п а й ы з д ы қ

т а р м а қ қ а

ж оғ а р ы .

Отандық экономика жай-күйінің сыртқы бағалар факторларына тәуелділігі оған тән құрылымдық поляризация салдарынан сақталып отыр. Бір полюсте - бұл тез дамитын табыстылығы жоғары шикізат салалары және табыстары әлемдік экономиканың жай-күйі мен сыртқы нарықтардағы конъюнктураға толығымен тәуелді, толығымен әлемдік нарыққа жұмыс істейтін металлургия салалары. Мұнда ауыл шаруашылығын да жатқызуға болады. Екінші полюсте - рентабельділігі мен қосылған құны төмен басымды түрде ішкі нарыққа бағдарланған өндеу секторының салалары.

Осылайша, экономиканың жай-күйі көбінесе шикізаттық экспортқа бағдарланған салалардың дамуымен айқындалады. Экономиканың мұндай құрылымы оның тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан экономиканың тұрақты өсу қарқындары болашақта басымды түрде шикізаттық емес секторды дамытумен қ а м т а м а с ы з

е т і л у і

т и і с .

Қалыптасқан жағдайда кесіпкерлікті қолдаудың, сауданы дамытудың қаржылық және қаржылық емес саясатын қайта қарау қажет. Бизнес-орта халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамтылған жұмысшылар санын арттыруға

қ а т т ы

ы қ п а л

е т е д і .

Осылайша, 2009 жылы елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 30,4 %-ды құрады (2008 жылы - 31,2 %), бөлшек тауар айналымы 2 525,2 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,9 %-ға төмендеді. Көтерме тауар айналымы 2009 жылы 6 496,2 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 1,1 %-ға төмендеді (2008 жылы - 6 538,4 млрд.теңге).

2009 жылы Қазақстан Республикасында 9 тауар биржасы жұмыс істеді, оларда 398 сауда-саттық өткізіліп, спот-тауарлармен 1 119 мәміле жасалды. Есепті жылдың ішінде бірде-бір

ф ьючерлік

мәміле

жасалған

ж о қ .

Есепті жылда сауда-саттыққа шығарылған спот-тауарлардың көлемі 94,5 млрд. теңгені құрады, жасалған мәмілелер бойынша биржалар айналымының сомасы 55,1 млрд.

т е н г е н і

қ ұ р а д ы .

Министрлік дамушы елдерде кеңінен қолданыс тапқан «Кэш энд Кэрри» - «қойма-жаймалар» қағидаты бойынша шағын көтерме сауданы қолдану тәжірибесін Қазақстанда дамытуға және құруға ерекше назар аударып отыр. Қазақстанда қазірдің өзінде «РАМСТОР», «АСТЫҚЖАН», «АРЗАН» және т.б. сияқты «қойма-жаймалар» қағидаты бойынша жұмыс істейтін компаниялар бар.

Ішкі сауданы дамытудың он үрдістері бірқатар проблемалардың сақталуымен бірге ж ү р е д і .

Биржалық сауда, сауданың қазіргі заманғы форматтары дамымаған. Сауда нарықтарында көлеңкелі айналымның едәуір қолемі, контрабандалық және контрафактілік өнім өткізілуінің жоғары деңгейі; өткізілетін тауарларға жасанды сапа сертификаттарының **кең** **пайдаланылуы** **орныққан.**

Қазақстанда да, көптеген елдердегідей, олардың даму деңгейлеріне қарамастан, экономикалық қызметті шамадан асыра реттеу проблемасы бар. Кәсіпкерлердің бизнесі құру және жүргізу кезінде ұстануға тиісті күрделі және ашық емес рәсімдері экономикалық өсуге барынша елеулі кедергі болып отыр. Осы рәсімдер өндіріске жұмсалатын шығындар мен кәсіпкерлердің шығыстарын ұлғайтады, олардың нарықтарға қол жетімділігін шектеп, бизнесің дамуын тежейді, бизнес-ортаны нашарлатады және сыйайлар жемқорлыққа жол береді. Әкімшілік кедергілер экономиканың көлеңкелі секторының пайда болу себептерінің бірі болып табылады.

Осыған байланысты, біріншіден, рұқсат беру жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінгі күні рұқсат беру рәсімдерінің 1015 түрі айқындалды, 2008 жылы олар бойынша 29 млн. астам рұқсат беру құжаты берілген. 1015 рәсімнің 331-ін алғып тастау ұсынылды. Осының нәтижесінде лицензиялық-рұқсат беру құжат айналымының жылына шамамен 881 мың бірлікке азаюы күтіліп отыр.

Екіншіден, тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптар жекелеген мемлекеттік органдардың бүйіркітаратымен емес (қазіргі уақытта 10 мыңнан астам), тек зан, Мемлекет басшысының жарлықтары және Үкіметтің қаулылары деңгейінде ғана белгіленуі тиіс. Мемлекеттік органдардың осы жұмыстын, маңызды бағыттарының бірі ескірген нормаларды алғып тастау мақсатында осы заннаманы бір мезгілде сұзгіден

өткізу **б о л а д ы .**

Дүниежүзілік банкінің «Doing Business» бизнесі жүргізу женілдігінің рейтингінде республика ұстанымын жақсарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Қазіргі уақытта республиканың Дүниежүзілік банкінің «Doing Business» есебіндегі позициясы 2010 жылы өткен жылмен салыстырғанда жақсарды - Қазақстан 63-орынға ие болды (

өткен **ж ы л ы** **6 4 - о р ы н) .**

Елде инвестициялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың тұтастай көрінісінің болмауы олардың тиімсіз іске асырылуына, экономика салаларындағы теңсіздікке және жобаларды пайдалануға бергеннен кейін ресурстық қамтамасыз етудің болмауына алғып келетінін атап көрсету керек.

Күш-жігер экономиканың шикізаттық емес секторларын, оның ішінде өнірлік кәсіпкерліктің дамуының орнықты және теңгерімді есуін қамтамасыз ету арқылы дамытуға, жаңа қаржылық бастамалардың, тәуекелдерді мемлекет, концессионер және инвестор арасында әділетті бөлуді қамтамасыз ететін инвестиацияларды мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке тарту бойынша құралдарды жетілдірудің қағидаларын енгізуге бағытталатын болады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік

инвесторлар кеңесінің 21-пленарлық отырысында атап өткендей, мемлекеттік қолдау шараларын жүйелендіру, жергілікті деңгейде жобаларды іске асыру кезінде, әсіресе әлеуметтік және тұрғын-үй коммуналдық сала объектілерінің құрылышы кезінде мемлекеттік-жеке меншіктік әріптестік құралдарын жылжыту маңызды болып та б ы л а д ы .

Экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту үшін Үкімет қабылдайтын «тікелей» шаралардан басқа Министрлік құзыretі шегінде қазақстандық экономиканы әлемдік сауда жүйесіне одан әрі кіріктіру жүргізілетін болады.

Атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде кіріктіру бастамаларын іске асыру және экономикалық пайдалы жағдайда Қазақстанның Дүниежүзілік сауда үйіміна (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздер процесін аяқтау жөніндегі жұмыстар жалғастырылу да .

Бүгінгі таңда ЕурАЗЭК-тің маңызды кіріктірудің ілгерілеуінің бірі бірыңғай кеден тарифін және Кеден одағына кірмейтін үшінші елдерге қатысты бірыңғай кеден саясатын қолдана отырып тауарлардың еркін сауда аймағының режимін іске асыруды көздейтін 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағының іс жүзінде іске а с ы р ы л у ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кеден одағының жұмыс істеуі ықпалдасудың барынша терендетілген нысаны - тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын көздейтін Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға етуге арналған алаңға айналады. Көлік инфрақұрылымына тең қол жетімділік қазақстандық тауарлардың алыс шетелдердің өткізу нарықтарына қозғалысы кезіндегі шығындар мен уақытты қысқартуға мұмкіндік береді .

Тұластай алғанда ЕурАЗЭК шеңберіндегі ықпалдасу процестері елдің экономикалық әлеуетін ашудың бірлескен, бірін бірі толықтыратын өндірістерді құру жолымен бәсекелестік қабілеті жоғары әлемдік нарыққа шығудың, сондай-ақ барынша пайдалы жағдайларда өзара сауда жасаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Тиісінше үйлестіру және ЕурАЗЭК шеңберінде ықпалдастық процестерін мазмұнды пысықтау Қазақстан Республикасының кіріктіру бастамаларын тиімді іске асыруға қол жеткізу дегі ұлттық мұдделерін кешенді ескеруді қамтамасыз етудің маңызды құралы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстандық заңнамаларды ДСҰ-ның міндетті келісімдерінің ережелерімен толық сәйкестікке келтіру, іскерлік қоғамдастықтарға ДСҰ-ның құралдары туралы ақпарат беру бойынша жұмыстар жалғасуда .

Кеден одағын іске асырудың іс жүзінде басталуы ДСҰ-ға кіру процесіне түзетулер енгізді. Кеден одағы ДСҰ жағдайында жұмыс істеуі үшін Кеден одағына мүше елдердің осы халықаралық үйімға үйлестірілген негізде бірмезгілде кіруі туралы шеши м жағында .

Осы мақсатта бірыңғай келіссөз командасты құрылды, ол ДСҰ-ға мүше елдермен одан әрі келіссөздер жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жеке келіссөздер нәтижелері бойынша біздің елдер қабылдаған міндеттемелерге талдау жүргізді.

Министрліктің сауданы дамытуға бағытталған белсенді іс-әрекеттеріне қарамастан қорғаныс және елдің экономикалық муддесін жылжытудың сенімді жүйесін қалыптастыру, отандық тауарлар мен қызметтерге сыртқы нарықтарға қол жетімділікті құру, отандық өндірушілердің өскен, демпингтік және субсидияланған тауарлар импортынан қорғану мүмкіндігі, халықаралық нарықтардың талаптары туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуы мәселесін шешу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Жоғарыда көрсетілгенниң негізінде алдағы кезеңде макроэкономикалық саясат макроэкономикалық болжамдау мен талдауды жетілдіру, әкімшілік кедергілерді азайту, кәсіпкерлікті дамыту, инвестицияларды тарту және әлемдік тауарлық-экономикалық жүйеге интеграциялану арқылы экономиканың шикізаттық емес секторларын дамытуға бағытталатынын айтуға болады.

2.2. Нәтижелі мемлекеттік секторды құру

Колданыстағы мемлекеттік басқару жүйесі халықтың мемлекеттік қызметтер көрсетуге қолжетімділігін толық қамтамасыз етпейді, мемлекеттік органдардың халықпен жедел кері байланысы жоқ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің төмен тиімділігі мен сапасы байқалады, себебі барлық мемлекеттік қызметтер бойынша оларды көрсетудің нақты стандарттары мен регламенттері әзірленбegen.

Осыған байланысты, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі арттыру және оларды көрсету процестерін жетілдіру талап етіледі, нәтижесінде бұл сапалы қызметтер алуға азаматтардың өзінің конституциялық құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса мемлекеттік қызметтерді стандарттау процесінің негізі болып табылатын колданыстағы Басқару салалары (аялары) бойынша мемлекеттік қызметтердің тізілімін кезеңімен кеңейту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Орталық мемлекеттік органдарға 2009 жылы жүргізілген функционалдық талдау мемлекеттік органдардағы қайталанатын және оларға тән емес функциялардың болуын, сондай-ақ көмекші құрылымдық бөлімшелердің негізгілерге әртүрлі қатаинасын және мемлекеттік органдардың басшылық құрамының мемлекеттік органның жалпы санына әртүрлі қатынасын көрсетті.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында, сондай-ақ Үкімет пен оның құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың арасында функцияларды жеткілікті нақты бөлу отандық әкімшілік реформаның бұған дейінгі кезеңінде он нәтижелерінің бірі болып табылатындығына қарамастан, деңгейлес және сатылас үйлестіру және бірлесе жүргізу функцияларын нақты бөлу мәселелері әлі күнге дейін

д е н

қ о ю д ы

т а л а п

е т е д і .

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттіктерін барынша нақты айқындау, сондай-ақ функцияларды жүзеге асыру процестерін жетілдіру үшін мемлекеттік басқарудың тиісті саларында (аясында) саясаттың тиімділігін бағалау арқылы мемлекеттік органдардың қызметіне жүйелі негізде функционалдық шолулар жүргізуіді қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі заманғы Қазақстанның жылдам өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мемлекеттік билік органдарының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды, осыған байланысты мемлекеттік басқару жүйесі басқарудың үйреншікті, дәстүрлі әдістерін ғана қайта қарауға мәжбүр болып қана қоймай, өз қызметінің тиімділігін тұрақты арттырып отыруы тиіс.

«Орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурызда қабылданған Жарлығының міндеті мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру болып та б ы л а д ы .

Осыған байланысты 2011 жылдан бастап жүйелі негізде 26 орталық мемлекеттік орган мен 16 жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау көздөліп

о т ы р .

Республикада қазіргі уақытта қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар мемлекеттің стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуін және мемлекет қаражатын тиімді басқаруды қамтамасыз етпейді және бағдарламалық құжаттарды іске асыру мен бюджет қаражатының пайдалану тиімділігін бағалауға мұмкіндік

б е р м е й д і .

Көптеген бағдарламалардың мақсаттары мен күтілетін нәтижелері бағдарламаларды іске асырудың нақты критерийлерінсіз мен нәтижелік индикаторларының, олардың тиімділігін бағалаудың нақты тетігінсіз, стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау арасында өзара байланысы жоқ бұлышыңыр қалыптастырылған, бағдарламаларды іске асыру тиімділігіне сапалы бақылауды жүзеге асыру мүмкін емес, іске асыру мерзімдері айрықшаланған.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі мұндай жағдай экономика мен жалпы мемлекеттік басқару жүйесінің дамуына кедергі болады.

2009 жылы айқындалған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуі үшін Президенттің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен оның процесіне: көрсетілген жүйенің құжаттарын әзірлеуге, іске асыруға, мониторинг жүргізуге, бағалауға және бақылауға арналған әдістемелік тәсілдер бекітілді .

Бұған қоса, қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамытудың алдағы негіздері айқындалмаған .

Жергілікті өзін-өзі басқарудың орнығуы азаматтық қоғамның орнығуы мен дамуымен, ел дамуының әлеуметтік-экономикалық жалпы деңгейімен, жергілікті қоғамдастықтың өміріне тікелей өсер ететін басқа да факторлар мен және жағдайлармен байланысты ұзак, көп кезеңді және динамикалық процесс болып табылады.

Мемлекеттік басқару негіздерін одан әрі демократияландыру бағытын негізге ала отырып, өкілдік биліктің маңызы арта түсуде және ең жақсы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жергілікті өзін-өзі басқарудың және азаматтық қоғамның тиімді институттарын құру бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Осы күнге дейін биліктің ауылдық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар) деңгейлерінде басқарудың нақты тетіктері қалыптастырылмаған, жеке табыс көздері жоқ және меншік мәселелері шешілмеген, оларсыз шынайы жергілікті өзін-өзі басқару туралы айтұра

а й т у ғ а

б о л м а й д ы .

Атап айтқанда, жиналған тәжірибелі ескере отырып, мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының ара жігін ажыратып қана қоймай, сонымен бірге жергілікті маңызы бар мемлекеттік функцияларды іске асыруға қатысуға жергілікті өзін-өзі басқару органдарын кеңінен тарту қажет.

Нәтижесінде демократиялық институттар және азаматтық қоғам құрылымдары елеменде Қазақстанның әлеуметтік-саяси жүйесінің шектеулі элементтері болып қалады.

Тиісінше Министрлік қызметі тұластай және тиімді Мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру, мемлекеттік орган қызметінің елдің, саланың, аяның, өнірдің даму параметрлеріне әсер ету деңгейін анықтау арқылы мемлекеттік қызметтер корсету сапасын арттыруға, мемлекеттік орган қызметін ұйымдастыру жүйесін бағалауга, мемлекеттік органның алға қойған міндеттері мен мақсаттарына қол жеткізудегі проблемаларды айқындауға және мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қолдануға бағытталатын болады.

Министрлік таяудағы уақытта жоғарыда көрсетілген міндеттер мен проблемаларды әлемдік экономиканың даму үрдісін есепке ала отырып шешуді басшылыққа алатын болады.

3. Мемлекеттік орган қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.17 № 1203 Қаулысымен

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

1-стратегиялық бағыт. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту								
1-мақсат. 2020 жылға карай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәндегі үштегінен аса артуын қамтамасыз ету								
Нысаналы индикаторлар								
1. Алдыңғы жылға қарағанда %-дағы ЖІӨ ФКИ, 2009 жылы - 101,2 %; 2010 жылы - 105,0 %; 2011 жылы - 103,0 %; 2012 жылы - 103,1 %; 2013 жылы - 103,3 %; 2014 жылы - 104,1 %.								
2. Алдыңғы жылға қарағанда негізгі капиталға инвестициялар көлемінің %-дағы өсуі, 2009 жылы - 102,1 %; 2010 жылы - 102,9 %; 2011 жылы - 103,0 %; 2012 жылы - 103,5 %; 2013 жылы - 103,8 %; 2014 жылы - 104,7 %.								
3. 2020 жылға карай Дүниежүзілік Банктің «Бизнесті жүргізу женілдігі» («Doing Business») рейтингі бойынша көрсеткіштерді жақсарту, рейтингтегі орны - 2009 жылы - 64; 2010 жылы - 63; 2011 жылы - 62; 2012 жылы - 60; 2013 жылы - 59 ; 2014 жылы - 58 .								
4. Көлеңкелі экономиканың ЖІӨ-ге шаққандағы %-дағы мөлшері, 2009 жылы - 19 % (2008 жылдың бағалауды); 2010 - 2014 жылдары - 20 %-дан жоғары емес.								
1.1-міндет. ЖІӨ-нің жыл сайынғы нақты өсімін қамтамасыз ету								
Шикізаттық емес сектордың ФКИ	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	98,4	105,1	102,8	103,0	103,5	104,2	
1.2-міндет. Ішкі сауданың тиімділігін арттыру								
Сауда ФКИ	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	97,5	108,0	104,0	104,1	104,4	105,3	
Ашық бага құруды арттыру мақсатында көтерме тауар айналымының жалпы көлемінде биржалар арқылы тауар операциялары көлемінің үлесін ұлғайту	Көтерме тауар айналымының жалпы көлемінен %-бен	0,8	0,8	1,0	1,1	1,2	1,3	
1.3-міндет. 2020 жылға карай Қазақстанның Дүниежүзілік Банктің «Бизнесті жүргізу женілдігі» («Doing Business») рейтингі бойынша көрсеткіштері ең жақсы 50 елдің қатарына кіруі								
2020 жылға карай шағын және орта бизнес өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі 2009 жылмен салыстырғанда 7-10 %-ға ұлғаяды	2009 жылға %	100,0	101,0	101,3	102,0	102,8	103,0	
Уақыт пен шығындарды қосқанда бизнесті тіркеу мен жүргізуге (рұқсат алумен, лицензиялар мен сертификаттарды алумен; аккредитациямен; консультацияларды алумен) байланысты операциялық шығындарды төмендетеу	%	2009 жылға қарай 30						2011 жылға қарай 30
1.4-міндет. Өнірлік кәсіпкерлік тұрақты және тенгерімді өсуін қамтамасыз ету								
«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілері үшін екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша пайыздық ставканы төмендетеу								

a) экономиканың шикізаттық емес секторларында жобаларды іске асыратындарға	% -дық ставка	7	Казақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталатын болады
б) өнімді сыртқы нарықтарға экспорттайтындарға			

1.5-міндет. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің рөлі мен маңыздылығын арттыру

Концессиялық жобалар шенберінде инвестиациялар көлемі өсуінің қарқыны	Алдыңғы жылға қарағанда % бен		105,0	105,1	114,7	117,3	132,2
Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандары бойынша әлеуметтік және тұрғын-үй коммуналдық салаларға жеке инвестициялар көлемінің өсу қарқыны	Алдыңғы жылға қарағанда % бен		104,0	104,4	104,9	105,1	

2-мақсат. Әлемдік сауда-экономикалық жүйеге интеграциялау арқылы республиканың экономикалық мүдделерін жылжыту мен қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру

Нысаналы индикатор

1. Алдыңғы жылға қарағанда сыртқы сауда айналымы %-бен өсу қарқыны, 2009 жылы - 66%; 2010 жылы - 112,1%; 2011 жылы - 106,2%; 2012 жылы - 105,0%; 2013 жылы - 103,7%; 2014 жылы - 104,1%.

2.1-міндет. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шенберінде Кеден одағын қалыптастыруды аяқтау

Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыруды аяқтау	Келісімдер саны	23	13	19	2	Кеден одағын қалыптастыру жөніндегі келіссөздер процесінің қорытындылары бойынша
Кеден одағына мүше елдердің (Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы) шетелдік кеден баждарының мөлшерлемелерін біріздендіру	%-бен үлесі	45,5	38,8	96,0	96,0	97,0 99,0 99,0

2.2-міндет. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыруды аяқтау

Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын қалыптастыруды аяқтау	Келісімдер саны	-	-	14	6	Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі келіссөздер процесінің қорытындылары бойынша
--	-----------------	---	---	----	---	--

2.3-міндет. Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру

Жұмыс тобына мүше елдермен ДСҰ-ға кіру бойынша екі жақты келіссөздерді аяқтау	Хаттамалар саны	3	1	1	2	2	1	
---	-----------------	---	---	---	---	---	---	--

2-стратегиялық бағыт. Нәтижелі мемлекеттік секторды құру

1-мақсат. 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру қафидаттарында мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу

Нысаналы индикаторлар

1. Халықтың мемлекеттік қызметтерге қанағаттануы 2010 жылы - 50%; 2011 жылы - 55%; 2012 жылы - 60%; 2013 жылы - 65%; 2014 жылы - 70%.

1.1-міндет. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру

Анықталған мемлекеттік қызметтер санынан Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізу үшін ұсынылған мемлекеттік қызметтер үлесі	%		30	60	80	100		
Орталық мемлекеттік органдар (МО) қызметінің тиімділігін бағалаумен қамту	МО саны		2	26	26	26	26	
Жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) қызметінің тиімділігін бағалаумен қамту	ЖАО саны		1	16	16	16	16	
1.2-міндет. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесінің толық жұмыс істеуі үшін қажетті элементтерді енгізу								
Стратегия-2020 нысаналы индикаторларын орындауды растау үшін қажетті статистикалық деректер тізбесін қалыптастыру	%			50	50			
Стратегия-2020 нысаналы индикаторларының төменде көрсетілген мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына кіргізу	%			50				

4. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттік органның мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған қызметі	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атаяу
1	2	3

1-стратегиялық бағыт. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғыру

1-мақсат. 2020 жылға карай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде үштен бірінен аса артуын қамтамасыз ету	2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты мәнде алғанда 2009 жылғы деңгейінің уштен бірінен жоғары өсімге қол жеткізеді. Экономиканы әртаратаптандыру экономикалық әлеуettің ұтымды аumaқтық ұйымдастырылуын күру мен халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлай жағдайлар жасау мақсатында экономикалық өсу оргалықтарын қалыптастыру жөніндегі жоспарлармен үйлестіріледі.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанды № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
	Әкімшілік реформа аясында Укіметке бизнеске түсетін әкімшілік салмақты батыл азайтуды, рүқсат беру жүйесін, ен алдымен лицензиялауды, сертификаттауды, аккредиттеуді одан әрі оңайлатуды тапсырамын.	Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпанды «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
	2011 жылға карай: жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау үшін реттеуішлік әсер етуді талдау әдістемесі (РӘТ) әзірленетін болады;	Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанды № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
	Екінші - экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету. Концессиялық жобаларды тартымды ету және	Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпанды «Қазақстан халқының әл-ауқатын

	<p>жандандыру үшін Үкімет қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіруі тиіс.</p> <p>2015 жылға қарай қаржы секторында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің рөлі мен маңыздылығын арттыру жөніндегі шаралар кешенінің іске асырылуы қамтамасыз етіледі.</p> <p>2020 жылға қарай Қазақстан ел экономикасының шикізаттық емес секторларына елеулі шетелдік инвестиациялар тартуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік климат қалыптасқан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарында болады. Елдің экономикалық мұдделерін қорғау мен жылжытудың сенімді жүйесін қалыптастыру, отандық тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін сыртқы рыноктарға қолжетімділік жасау және жосықсыз бәсекелестікті жою мақсатында тиімді сауда саясаты жүргізіледі.</p>	<p>арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандығы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары</p>
2-мақсат. Әлемдік сауда - экономикалық жүйеге интеграциялау арқылы республиканың экономикалық мұдделерін жылжыту мен қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру	<p>Өзара сауданы дамыту, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен инвестициялардың өсуіне жәрдемдесу мақсатында Қазақстан ТМД-дағы ықпалдастыру процестерінің белсенді қатысушысы болады. Үш елдің ықпалдастыруының келесі кезеңі 2012 жылға дейін Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру болады.</p> <p>ТМД-дағы өнірлік экономикалық бірлестіктердің қолдай отырып, республика Дүниежүзілік сауда үйіміна елдің экономикалық даму басымдықтарына жауап беретін шарттарда кіру процесін жеделдетеді.</p>	<p>Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандығы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары</p>
2-стратегиялық бағыт. Нәтижелі мемлекеттік сектор құру		

1-мақсат. 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру	<p>Біз мыналарға шақырамыз. барлық деңгейдегі атқарушы органдар қызметтерінің ашықтығын арттыру, мемлекеттік органдар қызметінің қорытындылары бойынша жыл сайынғы есептерді жариялау тәжірибесін енгізу.</p> <p>Біз басқарудың бюрократиялануын төмендетуге, мемлекеттік аппарат құрылымын оңтайландыруға үмтіламыз.</p> <p>2011 жылға қарай:</p> <p>барлық мемлекеттік органдар мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды кешенді стратегиялық түрғыдан қамтамасыз ету үшін Стратегиялық жоспар-2020-ға негізделген бесжылдық стратегиялық жоспарларды қабылдайтын болады;</p> <p>барлық мемлекеттік органдар ішкі мониторинг, бақылау және бағалау жүйесін кезең-кезеңмен енгізу басталады.</p>	<p>«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы</p>
--	--	---

<p>кағидаларында мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу</p>	<p>2011 жылдан бастап жүйелі негізде мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық шолулары жүргізіледі, оның мақсаты — мемлекеттік басқарудың тиісті салаларындағы (аясындағы) саясаттың тиімділігін бағалау. Әрбір нақты мемлекеттік органда өкілеттіктердің онтайлы колемін айқындау тұтастай алғанда, мемлекеттің жеке секторларында, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі артық функцияларды жою, қайталанатын өкілеттіктерді алып тастау, жеткіліксіз функцияларды бекіту мен нарықтық тетіктерді пайдалануды ұлғайту арқылы тұтастай мемлекеттің баламалы рөлін белгілеуге мүмкіндік береді.</p> <p>2011 жылға қарай мемлекеттік қызметтердің тізілімі кеңейтіледі және тізілімге енгізілген мемлекеттік қызметтердің әрбір түрі бойынша стандарттар әзірленетін болады.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандагы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары</p>
---	---	---

5. Функционалдық мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдер

Тұтастай осы Стратегиялық жоспарды іске асыру үшін әлеуетті дамыту және қызметтің тиімділігін арттыру бойынша тұбебейлі шаралар қабылданатын болады:

1) адами ресурстарды дамытудың тиімді жүйесін құру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету - Министрлік жүйесінің ішінде міндеттер мен өкілеттіктерді нақты бөлу мақсатында Министрліктің ұйымдастырушылық құрылымын өзгерту, кадрлық әлеуетті сапалы және тиімді жұмысқа ынталандыру тетіктерінің кеңейтілген спектрін енгізу мәселелерін көздейтін кадрлық әлеуетті қалыптастыру, дамыту және сақтау, сондай-ақ кадрлардың тұрақтамауын тұрақты азайтуға және Министрлік қызметкерлерінің кәсіби және әлеуметтік оң көңіл-күйін өсіруге бағытталған корпоративтік мәдениеттің элементтерін енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

2) Министрліктің құзыретіне кіретін нормативтік құқықтық актілерді үнемі өзектендіру;

3) Министрлік қызметкерлерінің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырудың сапасы мен мүмкіндіктерін арттыру.

Атап айтқанда, ақпараттарды жинау және пайдалану жүйесінің жұмысты қөп қажет ететінін тәртіпке келтіру және қысқартуға, Министрлік қызметкерлерінің Интернетке, заң базасына, ақпараттық деректер базасына қол жеткізуін 100% қамтуға (қазіргі кезде қол жеткізу - 60%), сондай-ақ Министрлік қызметкерлерінің күнделікті жұмыстарында ақпараттық ресурстармен тиімді жұмыс істеу және оларды қолдану дағыларын дамытуға бағытталған шаралар қабылданатын болады;

4) халықаралық қаржылық ұйымдармен, рейтингтік агенттіктермен, елдермен өзара іс-қимыл жасау;

5) Министрліктің интернет-ресурстарын жетілдіруді, оның өзекті жаңауын,

сондай-ақ онда азаматтардың Министрлік басшылығымен «тікелей байланыс» жасауына мүмкіндік беретін веб-беттерді ашуды қоса алғанда, қоғаммен және сектормен тиімді байланыстарды дамытуға бағытталған қосымша тетіктерді өзірлеу және енгізу.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Министрліктің тандалған стратегиялық бағыттар бойынша алға қойған мақсаттарына қол жеткізуі көбінесе басқа да мұдделі тараптармен өзара іс-қимылының тиімділігі дәрежесіне байланысты болады.

Стратегиялық бағыттар	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
1	2
Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту	<p>АШМ - азық-тұлік өнімі өндірісі бойынша салалар дамуының болжамды параметрлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету; ИЖТМ - көмірді, металл рудаларын өндіру және мұнай өндеуден басқа өндеуші өнеркәсіп өнімін өндіру; электр энергиясын өндіру және бөлу бойынша салалар дамуының болжамды параметрлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету; тауарлық биржалар арқылы өткізілген тауарларға мониторинг жүргізу және бағалау; МГМ - мұнай және табиғи газ өндіру; мұнайды қайта өндеу өнімдерін өндіру бойынша салалар дамуының болжамды параметрлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету; тауарлық биржалар арқылы өткізілген тауарларға мониторинг жүргізу және бағалау; ККМ - көрсетілетін көлік қызметінің қолемі бойынша салалар дамуының болжамды параметрлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету; тиісті ақпаратты уақыты ұсыну; Қаржымині - іске асырылуы республикалық бюджет есебінен көзделген іс-шараларды қаржыландыру; кедендік статистиканы ұсыну; кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау; сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауарлық номенклатурасын жүргізу; ЕурАЗЭК шенберінде кедендік одақты қалыптастыру жөнінде келіссөз ұстанымын қалыптастыру, екі жақты және өнірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау; СИМ - халықаралық және республикалық іс-шаралар өткізу шенберіндегі ынтымақтастық, келіссөз жүргізуі топтың іс-сапарына қаржылық қаражаттар бөлу, визалық қолдау; сыртқы саясат мәселелері бойынша, оның ішінде Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кедендік одағының, өнірлік тауарлық бірлестіктер шенберінде ұстанымды өзірлеу және үйлестіру; екі жақты және көп жақты келісімшарттарды келісу, ЕурАЗЭК шенберінде кеден одағын қалыптастыру бойынша келіссөз ұстанымын қалыптастыру; екі жақты және өнірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау; БАМ - Кеден одағы комиссиясының қабылдаған шешімдерін және келіссөз процесінің барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; ЕурАЗЭК шенберінде кеден одағын қалыптастыру жөнінде келіссөз ұстанымын қалыптастыру; екі жақты және өнірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау, Министрліктің өзге де шешімдері; ККМ, МГМ, Қаржымині, ИЖТМ, БФМ, ДСМ, ҰБ, ҚТКША - құрылыш қолемі бойынша салалар дамуының болжамды параметрлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету; конкурстық рәсімдерді ұйымдастыру, концессиялық келісімдер жасау, концессиялық жобаларды іске асыру; тиісті ақпаратты уақыты ұсыну; СА - статистикалық деректерді беру; ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін есептеу және әдістеме мониторингі, әзірлеу; БҚА, АӘҚОҚРА - тауарлық биржалар арқылы өткізілген тауарларға мониторинг жүргізу және бағалау; Барлық мемлекеттік органдар, ҚҚН, ҰБ, «Даму» КДҚ» АҚ - рұқсат беру құжаттарын және рәсімдерді қайта қарастыру және оңтайландыру; операциялық шығындар</p>

	<p>статистикасын (есебін) жүргізу; тиісті ақпаратты, накты ұсыныстарды ұсыну және мемлекеттік орган өзі беретін рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты операциялық шығындарды қыскартуға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу; «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету; ЕурАЗЭҚ шенберінде кеден одағын қалыптастыру жөнінде келіссөз ұстанымын қалыптастыру; екі жақты және өнірлік ынтымактастық мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау; сыртқы сауда саясатының мәселелерінде, оның ішінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыру шенберінде ұстанымды өзірлеу және үйлестіру; екі жақты және көп жақты халықаралық келісімшарттарды және басқа да тиісті құжаттарды уақтылы келісіуді және дайындауды қамтамасыз ету; Қазақстанның ДСҰ-га кіруі бойынша келіссөз ұстанымын қалыптастыру; түсіндіру жұмыстарын жүргізу; ҚРУ-нің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету; Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері - халықтың сауда аландарымен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативтері бойынша ұсыныстар өзірлеу және шараларды іске асыру; сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жағдайлар өзірлеу және жасау; сауда жұмысшыларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге, кәсіби негізде енбек нарығын қалыптастыруға жәрдемдесу; сауда қызметінің субъектілеріне, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен сауданы жүзеге асыратындарға экономикалық ынталандыру шараларын қолдану, отандық сауда желілерін дамыту</p>
